

## Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 6 желтоқсан N 1979. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.07.16. N 3067 жарлығымен.

Мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру, мемлекеттік және халықаралық бағдарламалар мен жобаларды дайындау және жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі құрылсын.

2. Кеңес Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы кеңесші-консультативтік орган болып табылады және оны Төраға басқарады. Кеңес төрағасының екі орынбасары болады. <\*>

Ескерту. 2-ші тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.10.05. N 2492 жарлығымен.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі

жоғары консультативтік кеңесінің құрамы бекітілсін /қоса беріліп отыр/.

4. Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесінің қызметін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппаратына жүктелсін.

<\*>

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.04.07. N 2176 Жарлығымен.

5. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің  
1994 жылғы 6 желтоқсандағы  
N 1979 Жарлығымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ғылым және техника  
жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі туралы  
**ЕРЕЖЕ**

Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ғылым және техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңесі /бұдан байлай Кеңес/ Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелерін басшылыққа алып, мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаттың негізгі бағыттарын анықтау үшін "Қазақстан Республикасының ғылыми және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылған.

2. Кеңес Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы кеңесші-консультативтік орган болып табылады. Кеңесті Төраға басқарады, оның үш орынбасары, оның ішінде басқа жұмыстан бос, мәртебесі жөнінен Қазақстан Республикасының Министріне теңестірілген бір орынбасары және 7 адамнан тұратын аппараты болады. <\*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілген - ҚР Президентінің  
1995.04.07. N 2176 Жарлығымен.

3. Кеңестің құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.
4. Кеңес өзінің қызметін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандары мен осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Кеңестің негізгі міндеттері

5. Кеңестің негізгі міндеттері:  
бірыңғай мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру үшін қорытылған талдау ақпараты мен ұсынымдар дайындау;  
құрылымдық, инвестициялық және ғылыми-техникалық саясаттың қажетті езара іс-әрекетін қамтамасыз етуді еске ала отырып, Қазақстан Республикасында ғылыми-техникалық прогрестің негізгі басымдықтарын анықтау;  
инновациялық қызметке, іргелі іздестіру және аса маңызды қолданбалы

зерттеулерге мемлекеттік қолдау көрсетеу жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларды белгілеу;

ғылыми ұйымдар мен мекемелердің қызметкерлерін әлеуметтік қорғауды, ғылыми интеллектуалдық және өнеркәсіптік меншікті сақтауды күшайту жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу;

мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесімен және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетімен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

конверсияның басым бағыттарын анықтау, қорғаныс өнеркәсібі салаларының ғылыми-техникалық әлеуетін азаматтық мақсатта тиімді пайдалану жөніндегі шараларды әзірлеу;

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық және халықаралық ғылыми-техникалық байланыстарын дамыту және тиімділігін арттыру, шет ел фирмаларының, халықаралық ұйымдардың қатысуымен аса маңызды ғылыми-техникалық объектілер құру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлаудың, қайта даярлау мен аттестациялаудың жайына талдау жасау және бұларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

#### Кеңестің өкілеттігі және жұмыс регламенті

##### 6. Кеңес:

Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тиісті шешімдер қабылдау үшін мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат проблемаларын зерделеу және оларды шешу жөніндегі ұсыныстарды талдап жасау үшін жұмыс топтары мен комиссиялар құруға;

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсыруы бойынша басқа да өкілеттікті жүзеге асыруға құқылы.

Кеңестің төрағасы Кеңес қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның жұмысын жоспарлайды және қабылданатын шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды белгілейді.

7. Кеңес жұмысының қорытындылары тұжырымдар, ұсынымдар, ұсыныстар түрінде ресімделеді.

8. Кеңестің материалдарын және тиісті құжаттарының жобаларын Кеңестің тапсыруы бойынша Қазақстан Республикасының министрліктері мен

ведомстволары дайындаиды.

9. Кеңестің жұмысына тартылатын сарапшылардың, ғылымдар мен мамандардың еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруға бөлінетін қаржысынан жүргізіледі.

10. Кеңес мүшелерінің:

Қазақстан Республикасының министрліктерінен, мемлекеттік комитеттерінен, ведомстволарынан, кәсіпорындарынан және ұйымдарынан қажетті материалдар мен құжаттарды сұратып алуға;

өз бастамашылығы бойынша Кеңестің қарауына ұсыныстар, ұсынымдар және тиісті шешімдердің жобаларын енгізуге;

негізгі жұмыс орнындағы айлықақысын сақтай отырып Кеңестің қызметі мәселелері бойынша іссапарға шығуға;

Кеңес мүшелерінің көпшілігі қабылдаған мәселелер жөнінде

ерекше пікірін енгізуге құқығы бар. Ерекше пікір Кеңес мәжілісінің хаттамасында бейнеленеді.

11. Кеңес мүшелері:

Кеңестің қарауына енгізілетін мәселелерді дайындау мен талқылауға қатысуға;

Кеңес төрағасының тапсырмаларын орындауға, өз жұмысы туралы мезгіл-мезгіл есеп беріп отыруға міндettі.

12. Кеңестің мәжілістері қажет болуына қарай, бірақ кемінде жарты жылда бір рет өткізіледі.

Егер Кеңестің бекітілген құрамының кемінде 2/3 мүшесі қатысып отырса, Кеңестің мәжілісі құқылы деп танылады. Шешім ашық дауыс беру жолымен жай көпшілік дауыспен қабылданады.

13. Кеңестің қызметін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппараты жүзеге асырады.

<\*>

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің  
1995.04.07. N 2176 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1994 жылғы 6 желтоқсандағы  
N 1979 Жарлығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Ғылым және техника  
жөніндегі жоғары консультативтік кеңесінің  
**ҚҰРАМЫ**

Кеңестің төрағасы

Метте В.Л. - Премьер-министрдің орынбасары

Кеңес төрағасының орынбасарлары:

Сағадиев К.Ә. - Қазақстан Республикасы Үлттық Ғылым  
академиясының президенті

<\*>

Жолдасбеков Ә.А. - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің  
Ғылым, білім беру және жаңа технологиялар  
жөніндегі комитетінің төрағасы, академик  
/келісім бойынша/

Серікбаев А. - физика-математика ғылыминың кандидаты  
/басқа жұмыстан бос/

Кеңес мүшелері

Әбділғафаров С.Е. - "Прибор-Алматроникс" ғылыми техникалық  
бірлестіктің президенті, физика-математика  
ғылыминың кандидаты

Әдікенов С.М. - Үлттық ғылым академиясының органикалық  
синтез және көмір химиясы институтының  
зертхана менгерушісі, химия ғылыминың  
докторы

Әлияров Б.К. - Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі  
Энергетика институтының директоры, техника  
ғылыминың докторы, Үлттық ғылым  
академиясының корреспондент мүшесі

Балабеков О.С. - "КазхимжобалауҒЗИ" акционерлік қоғамының  
президенті, химия ғылыминың докторы

- Васильев А.Б. - Қазақстан Республикасы Министрлер  
Кабинетінің Іс Басқармасы Ғылыми техникалық  
прогресс бөлімінің менгерушісі,  
физика-математика ғылымының кандидаты
- Есырев О.В. - Білім министрінің бірінші орынбасары,  
биология ғылымының докторы, профессор
- Ісмайылов Б.И. - Қазақ онкология және радиология  
ғылыми-зерттеу институтының зертхана  
менгерушісі, медицина ғылымының докторы
- Қалиев Ф.Ә. - Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясының  
президенті, Қазауылшаракадемиясының  
академигі
- Каюпов М.А. - Ұлттық ғылым академиясының Тау-кен ісі  
институтының зертхана менгерушісі, техника  
ғылымының докторы
- Клец А.И. - "Казмеханобр" өнеркәсіп экологиясы  
мемлекеттік Ғылыми-өндіріс бірлестігінің  
бас директоры
- Медеубеков К.Ұ. - Қазақ қой шаруашылығы технологиялық  
ғылыми-зерттеу институтының директоры,  
Қазауылшаракадемиясының академигі
- Мұратов И. - "Қазмұнайгаз" мемлекеттік холдинг  
компаниясының басқарма бастығы,  
геология-минералогия ғылымының докторы
- Рахымбаев И.Р. - Биотехнология жөніндегі ұлттық орталықтың  
ғылыми жетекшісі, биология ғылымының докторы
- Сәбденов О.С. - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің  
Экономикалық реформа жөніндегі комитетінің  
төрағасы, экономика ғылымының докторы  
/келісімі бойынша/
- Сағадиев К.Ә. - Ұлттық ғылым академиясының президенті,  
академик
- Сарыпбеков Ж. - Ұлттық техника университетінің электронды  
есептеу техникасы факультетінің деканы,  
техника ғылымының докторы, профессор
- Соломкин А.П. - Қазақ ауыл шаруашылық техникасын  
пайдалану және жөндеу ғылыми-зерттеу  
технология институтының директоры, техника  
ғылымының докторы

Ушаков Н.Н. - Шығыс тұсті металдар ғылыми-зерттеу институтының директоры, техника ғылымының кандидаты

Фрезоргер А.Д. - Павлодар мемлекеттік техника университетінің ректоры, техника ғылымының докторы, профессор

Школьников В.С. - Ғылым және жаңа технологиялар министрі, физика-математика ғылымының докторы

Ескерту. Кеңес құрамына Сағадиев енгізілді - ҚР Президентінің 1995.04.07. N 2176 Жарлығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК